

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасы Туризм
және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру
істері комитетінің төрағасы
Е. Мырзабосынов
«_____» _____ 2024 жыл



«КЕЛІСІЛДІ»

«Қазақстандық велосипед спорты
федерациясы» РҚБ
Бас хатшысы
Ж.Д.Сулейменов
«_____» _____ 2024 жыл



**2024 жылғы маунтинбайк және велокросстан Қазақстан Республикасының
чемпионаттары мен республикалық
жарыстар туралы
ЕРЕЖЕ**

Велосипед спортының маунтинбайк және велокросстан жарыстары Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК-мен, «Қазақстандық велосипед спорты федерациясы» РҚБ-мен келісілген, 2024 жылға арналған бұқаралық-спорттық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесіне сәйкес, Халықаралық велосипедшілер одағының (UCI) және «Қазақстандық велосипед спорты федерациясы» РҚБ-нің жарысты өткізу қағидасына сәйкес мынадай мақсаттарда өткізіледі:

- Қазақстан Республикасында велосипед спорты мен оның түрлерін дәріптеу;
- велосипед спортының маунтинбайк және велокросс түрлерін дамыту жөніндегі Қазақстан Республикасы спорт ұйымдарының жұмыс нәтижелерін қортындылау;
- велосипед спортының түрлері - маунтинбайк және велокроссты одан әрі дамыту және спортшылардың спорттық шеберлігін жетілдіру;
- ҚР ұлттық құрама командаларына келешегі бар спортшыларды анықтау;
- Әлем және Азия кубоктарына, Азия чемпионатына, 2024 жылғы әлем чемпионатына қатысу үшін мықты спортшыларды дайындау және іріктеу.

Жарысты ұйымдастыру мен өткізуге жалпы басшылық пен бақылауды Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті (бұдан әрі – Комитет), «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК және «Қазақстандық велосипед спорты федерациясы» РҚБ (бұдан әрі – ҚВСФ) бірлесіп жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының чемпионаттары мен республикалық жарыстарды ұйымдастыру жарыстың өтетін орны бойынша жергілікті уәкілетті басшы спорт ұйымдарына жүктеледі. Жарысты тікелей өткізу ұйымдастыру комитеті мен «Қазақстандық велосипед спорты федерациясы» РҚБ бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.

Жарысты ұйымдастыру мен дайындалуға, соның ішінде ардагер спортшылар үшін, сондай-ақ қатысушылар мен команда төрешілерін қабылдау, орналастыру, кері қайтару жарыстың өтетін орны бойынша **жауапкершілік** облыстық спорт басқармаларына, республикалық маңызы бар Алматы, Астана, Шымкент қ.қ. спорт басқармаларына жүктеледі.

Ұйымдастыру комитеті төрешілер алқасымен келісе отырып, қатысушылардың тізімін нақтылағаннан кейін, сондай-ақ форс-мажорлық, техникалық және басқа жағдайлар бойынша жарыстың бағдарламасына өзгерістер енгізуге құқылы және ол туралы команда өкілдерімен бірге өткізілетін төрешілер алқасының отырысында хабарлайды.

Спорттық іс-шараларды **трансляциялау құқықтары** «Қазақстандық велосипед спорты федерациясы» РҚБ-ға тиесілі.

1. Спорттық жарыстардың атауы, спорттық жарыстың өткізілу орны мен күні, спорттық жарыстарға қатысушылардың келу және қайту күндері

Спорттық жарыстың атауы:

1. Ерлер, әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының қысқы чемпионаты ХСЕ (кросс-елиминатор), ХСО (кросс-олимпик), ХСС (кросс-шорт-трек).

2. Ерлер, әйелдер, юниорлар мен юниор қыздар арасындағы ХСМ марафонында Қазақстан Республикасының ұлттық чемпионаты. 13-14, 15-16 жас аралығындағы жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы ХСО, ХСС Қазақстан Республикасының чемпионаты. 13-14, 15-16 жас аралығындағы жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы В.Бобылевті еске алуға арналған «Мемориал Чемпионов» ХСЕ республикалық жарысы.

3. Ерлер, әйелдер, юниорлар мен юниор қыздар арасындағы ХСО, ХСС Қазақстан Республикасының ұлттық чемпионаты. Ерлер, әйелдер, юниорлар мен юниор қыздар арасындағы ХСР (эстафета) Қазақстан Республикасының чемпионаты.

4. Ерлер, әйелдер, юниорлар, юниор қыздар, 13-14, 15-16 жас аралығындағы жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы ХСS көпкүндік жарыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты.

5. Ерлер, әйелдер, юниорлар, юниор қыздар, 13-14, 15-16 жас аралығындағы жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы велокросс жарысынан Қазақстан Республикасының чемпионаты.

1.1. Спорттық жарыстың өтетін күні мен орны:

1. Ерлер, әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының қысқы чемпионаты ХСЕ (кросс-елиминатор), ХСО (кросс-олимпик), ХСС (кросс-шорт-трек).

31.03-03.04.2024 жыл, Тараз қ.

күні	уақыты	Спорттық жарыстың өтетін орны
31.03.2024	10.00 16.00 18.30	Мандат комиссиясы 10.00-ден 12.00 сағатқа дейін ХСЕ-нің ресми жаттығу және біліктілік жарыстары Төрешілер алқасының, команда өкілдерімен бірлескен отырысы.
01.04.2024	10.30 17.00	ХСЕ – ҚҚРЧ – ерлер (жеткіншектер), әйелдер (қыздар) ХСС-нің ресми жаттығу және біліктілік жарыстары
02.04.2024	10.30 17.00	ХСС – ҚҚРЧ – ерлер, әйелдер, жеткіншек ұлдар мен қыздар ХСО-нің ресми жаттығу және біліктілік жарыстары
03.04.2024	10.30	ХСО – ҚҚРЧ – ерлер, әйелдер, жеткіншек ұлдар мен қыздар Аяқталған соң жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау.

2. Ерлер мен әйелдер, 19-22 жас юниор ұлдар мен юниор қыздар, 17-18 жас жасөспірім ұлдар мен қыздар; 15-16 жас және одан кіші жас) арасындағы Жеңіс күніне арналған Глубоковский ауданы әкімінің жүлдесі үшін МТБ (ХСТ, ХСР, ХСС, ХСЕ) бойынша Қазақстан Республикасының Кубогі.

күні	уақыты	Спорттық жарыстың өтетін орны
09.05.2024	10.00 11.00 15:00 16.30	Мандат комиссиясы 10.00-ден 11.00 сағатқа дейін Төрешілер алқасының трассаны ұйымдастыру, көру және бекітуі. Ресми жаттығу жарыстары. ХСТ Кросс-Кантри уақытқа сарысу, Жастары (жас тобы) бойынша.
10.05.2024	10.00 10.30	Жарыстың ашылу шеруі. ХСР – Кросс-кантри бір пункттен екіншісіне бару. Жастары (жас тобы) бойынша
11.05.2024	10.00	ХСС – Кросс-Кантри Шорт трек. Жастары (жас тобы) бойынша
12.05.2024	10.00	ХСЕ – Кросс-кантри Элиминатор. Жастары (жас тобы) бойынша Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау.

3. Ерлер, әйелдер, юниорлар мен юниор қыздар арасындағы ХСМ марафонында Қазақстан Республикасының ұлттық чемпионаты. 13-14, 15-16 жас аралығындағы жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы ХСО, ХСС Қазақстан Республикасының чемпионаты. 13-14, 15-16 жас аралығындағы жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы В.Бобылевті еске алуға арналған «Мемориал Чемпионов» ХСЕ республикалық жарысы.

30.05-05.06.2024 жыл, Қостанай қ.

күні	уақыты	Спорттық жарыстың өтетін орны
30.05.2024	10.00 15.00 17.00	Мандат комиссиясы 10.00-ден 12.00 сағатқа дейін Төрешілер алқасының трассаны ұйымдастыру, көру және бекітуі. Төрешілер алқасының, команда өкілдерімен бірлескен отырысы.
31.05.2024	10.30 11.00	Жарыстың ашылу шеруі. Ресми жаттығу жарыстары. жасөспірім ұлдар мен қыздар (15-16 жас және 13-14жас) арасында біліктілік (жіктеу).
01.06.2024	10.30 17.00	ХСС – ҚРЧ - жасөспірім ұлдар мен қыздар (15-16 жас және 13-14жас) арасында. ХСЕ – РЖ ресми жаттығу жарыстары.
02.06.2024	10.00	ХСЕ – РЖ – жеткіншек ұлдар мен қыздар (юниорлар), жасөспірім ұлдар мен қыздар (15-16 жас және 13-14жас) арасында. Аяқталған соң жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау.
03.06.2024	10.00	Ерлер, әйелдер, (юниорларға рұқсат) арасындағы ХСМ ресми жаттығу жарыстары. ХСО біліктілік жасөспірім ұлдар мен қыздар (15-16 жас және 13-14жас) арасында.
04.06.2024	10.00 17.00	ХСО – ҚРЧ жасөспірім ұлдар мен қыздар (15-16 жас және 13-14жас) арасында. ХСМ ресми жаттығу жарыстары.
05.06.2024	10.30	ХСМ – ҰҚРЧ – ерлер, әйелдер, жеткіншек ұлдар мен қыздар арасында. Аяқталған соң жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау.

4. Ерлер, әйелдер, юниорлар мен юниор қыздар арасындағы ХСО, ХСС Қазақстан Республикасының ұлттық чемпионаты. Ерлер, әйелдер, юниорлар мен юниор қыздар арасындағы ХСР (эстафета) Қазақстан Республикасының чемпионаты.

16.07-21.07.2024 жыл, Текелі қ.

күні	уақыты	Спорттық жарыстың өтетін орны
16.07.2024	10.00 18.00	Мандат комиссиясы 10.00-ден 12.00 сағатқа дейін Төрешілер алқасының, команда өкілдерімен бірлескен отырысы.
17.07.2024	10.00 10.30	Жарыстың ашылу шеруі. Төрешілер алқасының трассаны ұйымдастыру, көру және бекітуі. ресми жаттығу жарыстары, ХСС трассаны бақылау. Біліктілік
18.07.2024	10.30	ҰҚРЧ-ХСС ерлер, әйелдер, жеткіншек ұлдар мен қыздар арасында. Аяқталған соң жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау.
19.07.2024	10.30	ресми жаттығу жарыстары, ХСР, ХСО трассаны бақылау.
20.07.2024	10.30	ҚРЧ - ХСР (эстафета) ерлер, әйелдер, жеткіншек ұлдар мен қыздар арасында.
21.07.2024	10.30	ҰҚРЧ-ХСО, ерлер, әйелдер, жеткіншек ұлдар мен қыздар арасында. Аяқталған соң жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау.

5. Ерлер, әйелдер, юниорлар, юниор қыздар, 13-14, 15-16 жас аралығындағы жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы ХСР көпкүндік жарыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты.

01.10 - 06.10.2024 жыл, Қонаев қ.

күні	уақыты	Спорттық жарыстың өтетін орны
01.10.2024	10.00 15.00 17.00	Мандат комиссиясы 10.00-ден 12.00 сағатқа дейін Төрешілер алқасының, команда өкілдерімен бірлескен отырысы. Ресми жаттығу жарыстары, ХСТ трассаны бақылау.
02.10.2024	10.00- 10.30	Жарыстың ашылу шеруі. Ресми жаттығу жарыстары, ХСС трассаны бақылау. Біліктілік.
03.10.2024	10.30	ҚРЧ- 1 кезең ХСС, ерлер, әйелдер, жеткіншек ұлдар мен қыздар арасында (15-16 жас және 13-14 жас).
04.10.2024	10.30	ҚРЧ- 2 кезең ХСТ, ерлер, әйелдер, жеткіншек ұлдар мен қыздар арасында (15-16 жас және 13-14 жас).

05.10.2024	10.30	ресми жатығу жарыстары, ХСО трассаны бақылау.
06.10.2024	10.30	ҚРЧ- 3 кезең ХСО, ерлер, әйелдер, жеткіншек ұлдар мен қыздар арасында (15-16 жас және 13-14 жас). Аяқталған соң жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау.

6. Ерлер, әйелдер, юниорлар, юниор қыздар, 13-14, 15-16 жас аралығындағы жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы велокросс жарысынан Қазақстан Республикасының чемпионаты.

25.10-26.10.2024ж. Астана қ.

күні	уақыты	Спорттық жарыстың өтетін орны
25.10.2024	10.00	Мандат комиссиясы 10.00-ден 12.00 сағатқа дейін
	15.00	Төрешілер алқасының трассаны ұйымдастыру, көру және бекітуі.
	18.00	Төрешілер алқасының, команда өкілдерімен бірлескен отырысы.
26.10.2024	10.00	велокростан ҚРЧ, ерлер, әйелдер, жеткіншек және жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында (15-16 жас және 13-14 жас).

Жарысты өткізу бағдарламасында қолданылатын қысқарған сөздер

<i>ХСО – Кросс-кантри Олимпик</i>	<i>ХСТ – Кросс-кантри уақытқа жарысу</i>
<i>ХСЕ – Кросс-кантри Элиминатор</i>	<i>ХСР – Кросс-Кантри Эстафета</i>
<i>ХСМ – Кросс-кантри Марафон</i>	<i>ХСП – Кросс-кантри бір пункттен екіншісіне бару.</i>
<i>ХСС – Кросс-кантри Шорт-трек</i>	<i>ХКС – Кросс-Кантри көпкүндік жарыста</i>

1.2. Спорттық жарысқа қатысушылардың және төрешілердің келу күні және кету күні

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен бұқаралық-спорттық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбелік жоспарына енгізілген барлық жарыстарға қатысушы ұйымдар мандат комиссиясынан өту және біліктілік жарыстарын өткізу (қажет болса) үшін жарыс басталуға екі (2) күн қалғанда келуі тиіс және жарыс аяқталған күні немесе содан кейінгі күні кетуі тиіс.

Ресми жатығу кезінде жарыс трассасына тек қана мандат комиссиясынан өткен және жарысқа жіберілген спортшыларға ғана рұқсат етіледі. **Жарысушы спортшыда ресми жатығу кезіндегі жарысқа қатысу үшін берілген кемінде бір ішкі нөмірі болуы тиіс.**

Ресми жатығу күні жарыс күні болып саналады. Жарыстың бас төрешісі немесе оның орынбасары, сондай-ақ жарыстың дәрігері ресми жатығуда болуға міндетті.

Жарыстың бас төрешісі (немесе оның орынбасары), бас хатшы, жарыстың директоры жарысты ұйымдастыру және өткізуге байланысты сұрақтарды шешу үшін жарыс басталардан 48 сағат бұрын шақыртылуы қажет.

2. Қатысушы ұйымдар, жарысқа қатысушылардың сандық құрамы

2.1. Қатысушы ұйымдар

Қазақстан Республикасының чемпионаттары мен Қазақстан Республикасының кубоктарына Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен 2024 жылға арналған велосипед спорты бойынша бұқаралық-спорттық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесінің негізінде тиісті Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктерінен, республикалық маңызы бар Алматы, Астана, Шымкент қалаларынан спортшылар, командалар және клубтар қатысады.

Қазақстан Республикасының облыстарынан, республикалық маңызы бар Алматы, Астана, Шымкент қаласынан 1 (бір) командадан артық қатысуға рұқсат етілуі мүмкін.

2024 жылға арналған велосипед спорты бойынша бұқаралық-спорттық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесінің негізінде республикалық жарыстарға қалалардың, облыстардың, республикалық маңызы бар Алматы, Астана, Шымкент қалаларынан, ЖСШМ, РСК, БЖСМ, ОРМБЖСМ, спорт интернаттарынан спорт колледждерінен, спорт клубтарынан құрама командалар қатысады.

Ерлер элита тобы бойынша жарыстарға 1 разрядтан төмен емес дайындығы бар спортшылар жіберіледі.

Командалық спорт түрлерінен басқа, тек қана ContinentalTeams, ProTeams, WorldTeams кәсіби командаларымен келісім-шартқа отырған велосипедшілерден басқа, қатысушы командалар бірыңғай киіммен өнер көрсетуі тиіс, оның үлгісін мандат комиссиясынан өткен кезде мандат комиссиясының төрағасына көрсетеді.

Егер әр облыстан, республикалық маңызы бар Алматы, Астана, Шымкент қалаларынан бір командадан көп өтініш берілген жарыста, спортшылардың майкаларында айрықша белгілер (логотиптер) болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген клубтардың мүшелеріне Қазақстан Республикасының чемпионаттарына, ҚР кубоктарына және республикалық жарыстарға клубтың, соның ішінде ҚВСФ-нің аккредитациясын алған әуесқой клубтың формасында қатысуға рұқсат етілген. Клубтың формасы ҚВСФ-де ағымдағы күнтізбелік жылы тіркелген болуы тиіс.

Спортшылардың Қазақстан Республикасының чемпионаттарына, ҚР кубоктарына және республикалық жарыстарға Қазақстан Республикасының ұлттық киімімен (формамен) қатысуына тыйым салынады.

Велосипедтер мен құрал-жабдықтар UCI-дің техникалық нормалары мен қауіпсіздік талаптарына сай болуы тиіс.

Жарысқа тиісті лицензиясы бар спортшылар, команда өкілі, жатықтырушылар, механиктер жіберіледі. Лицензиялар «Қазақстандық велосипед спорты федерациясы»

РҚБ-ның www.cycling.kz сайтында жарияланған төлемдер мен құжаттарды ұсыну кезінде ҚВССФ-нің «Лицензия беру туралы» Ережесі негізінде беріледі.

Лицензия алуға өтінім күні және өтініш иесінің қолымен толтырылады (өтініштің үлгісін ҚВССФ-нің www.cycling.kz сайтынан жүктеуге болады).

UCI-дің төленбеген айыппұлдары болса, жарыстан шығарылса және шеттетілсе, лицензия берілмейді.

Жеткіншектер жасынан бастап және одан үлкен жаста әр спортшы және бүкіл спорттық қызметшілер лицензия алуы үшін допингке қарсы онлайн курстан өтуі және тиісті сертификат алуы тиіс.

Білім бөлімі мен онлайн курсқа сілтеме:

<https://qaznado.triagonal.net/online/login/index.php>).

Спортшылар мен команда өкілдері спорттық іс-шараға қатысу үшін шетелге (шекарадан) шығу кезінде шетелге шығуға арналған спорттық медициналық анықтаманы қосымша ресімдеуге міндетті.

2.2. Спорттық жарысқа қатысушылардың сандық құрамы, жаттықтырушылар, төрешілер және басқа қатысушылар:

Әр жарысқа құрамында мыналар бар команда жіберіледі: ерлер - 6 адам, андерлер – 6 адам, жасөспірімдер - 6 адам, андер-әйелдер – 6 адам, юниор-қыздар - 6 адам, қыздар-6 адам, 1-жаттықтырушы, 1-механик, 1-өкіл. Жарыста әр облыстан (ұйымнан) қатысатын команданың санына шектеу қойылмайды.

Кросс-Кантри Эстафетада 1 ер (элита), 1 әйел (элита), 1 ер (андер), 1 әйел (андер), 1 ер (юниор) немесе 1 әйелден (юниорка) құралған командаға рұқсат етіледі. Барлығы - 5 (бес) адам.

Сонымен қатар, командада мынадай ауыстыруларға рұқсат етіледі:

- элита санатындағы ерді, кез келген жас санатындағы әйелге немесе кез келген жас санатындағы ерді өзінен кіші санатқа (андер немесе юниорға);
- элита санатындағы әйелді, кез келген жас санатындағы әйелге, өзінен кіші санатқа (андер немесе юниорға);
- андер санатындағы ерді, кез келген жас санатындағы әйелге немесе ерге (юниорға);
- ерді (юниорды), әйелге (юниоркаға).

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен велосипед спортынан 2024 жылға арналған бұқаралық-спорттық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесіне енгізілген барлық жарыстарда қатысушы командаларда, іссапарға жіберуші ұйымның есебінен, қатысушылардың, жаттықтырушының, механиктің өмірі мен денсаулығына, техникаға жауапты команда өкілі және 1 (бір) төреші болуы тиіс.

2.3. Төрешілер алқасының сандық құрамы

Маунтинбайктен (МТВ) жарыстарға төрешілік ету үшін Халықаралық велосипедшілер одағының (UCI) бекітілген қағидасына сәйкес, келесі төрешілер құрамы талап етіледі:

Бас төреші	1
Бас төрешінің орынбасары	2
Бас хатшы	1
Хатшы	2
Дистанция (қашықтық) басшысы	1
Стартер	1
Стартердің көмекшісі	1
Мәредегі төреші	1
Мәредегі төрешінің көмекшісі	1
Қолмен жасалатын хронометраж	2
Тамақтандыру орнындағы төреші	4
«Маршал» төреші	9
Айналымдарды есептейтін төреші	1
Велосипедтерді тексеру	2
Хабарлаушы төреші	1
Марапатау бойынша төреші	1
Қатысушылардың арасындағы төреші	1
ЖИЫНЫ:	32

Маунтинбайктен (МТВ) және велокросстан Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін барлық жарыстарға «Қазақстандық велосипед спорты федерациясы» РҚБ бекіткен бас төрешілер алқасы, ал республикалық жарыстарға облыстардан, республикалық маңызы бар Алматы, Астана, Шымкент қалаларынан аккредиттелген федерацияларынан қызмет көрсетуі тиіс. Бас төрешілер алқасы шешуші дауысы бар **5 (бес)** төрешіден (бас төреші, бас хатшы, бас төрешінің орынбасары, төреші- стартер, мәредегі аға төреші) құралады.

Қазақстан Республикасының барлық чемпионаттарында, Қазақстан Республикасының кубоктарында, оның ұйымдастырушысы кім болғанына қарамастан, ҚР аумағында өткізілетін халықаралық жарыстарда бас төрешінің санаты «Қазақстан Республикасының ұлттық төрешісі» дәрежесінен кем болмауы, ал қалған төрешілердікі «спорт бойынша төреші» санатынан кем болмауы тиіс.

2.4.Спортшылардың жынысы мен туған жылы

Жарысты өткізу бағдарламасына сәйкес жарысқа қатысуға 5 (бес) жас санаты бойынша командалар жіберіледі:

жасы	Туған жылы
ерлер, әйелдер элита	2001 ж. және одан үлкен
ерлер, әйелдер, андерлер 19-22жас	2002 ж., 2003 ж.,2004ж.,2005ж.
жеткіншек ұлдар-қыздар (юниоркалар) 17-18 жас	2006 ж.,2007 ж.
Жасөспірім ұлдар мен қыздар 15-16	2008 ж.,2009 ж.

жас	
Жасөспірім ұлдар мен қыздар 13-14 жас	2010 ж.,2011 ж.

Топ	Жас санаты «Masters»	«Әуесқойлар» санаты	
		Ерлер, әйелдер	Жасы
I топ	30-34 жас	I топ	19-29 жас
II топ	35-39 жас		
III топ	40-44		
IV топ	45-49		
V	50-54		
VI	55-59		
VII	60-64		
VIII	65 жас және одан үлкен		

Велокросстан жарыстар үшін маунтинбайктағы сияқты жас бойынша осындай бөлу қолданылады.

Төрешілер алқасы, егер осы кезеңде аталған санатта жарыс өткізілмесе, кіші санаттағы спортшыларға рұқсат беру туралы шешім қабылдауы мүмкін. Рұқсат, тек қана үлкен жастағы санатқа рұқсат беру туралы тиісті медициналық анықтама болған жағдайда ғана, жүзеге асырылады.

3. Медициналық-санитарлық және допингке қарсы қамтамасыз ету

3.1.Медико-санитарлық қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен велосипед спортынан 2024 жылға арналған бұқаралық - спорттық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесіне енгізілген барлық жарыстарда, ұйымдастырушы тиісті денсаулық сақтау органының медициналық қызметін тағайындайды.

Маунтинбайктен (МТВ) жарыстарды өткізу кезінде жедел жәрдем автомашинасының болуы міндетті. Егер ондай автомашина болмаса, жарыс өткізілмейді.

Медициналық қызметте жарыс кезінде, сондай-ақ тасжолдағы трассаның мәресінде дәрігер, медициналық мейірбике болуы тиіс.

Маунтинбайктен (МТВ) Қазақстан Республикасының чемпионаттарын, Қазақстан Республикасының кубоктарын өткізу кезінде тиісінше дәрігер, медициналық мейірбике және жүргізуші бар бригаданың екі жедел жәрдем машинасы міндетті түрде болуы керек.

Егер жедел жәрдем автомашинасы, дәрігер, медициналық мейірбике болмаса, жарыс өткізілмейді.

Жарысқа қатысушылар ауыр жарақат алған кезде, тиісті есепке алу және есептілік құжаттамасын рәсімдеу, оларды жақын маңдағы травматологиялық пунктке уақтылы жөнелтуді қамтамасыз ету, жарысқа қызмет көрсететін дәрігердің міндеті болып саналады.

Тек жарысқа қызмет көрсететін дәрігер ғана, жарысқа қатысушының денсаулық жағдайына байланысты жарыстан шығарады.

3.2. Допингке қарсы қамтамасыз ету:

Халықаралық олимпиада комитеті таныған және допингпен күресті жүзеге асыратын, анықталған халықаралық ұйым спорт жарысына қатысушыларды тестілеу үшін халықаралық стандарттардың талаптарын сақтай отырып, спорт жарыстарында міндетті допингтік бақылау өткізеді.

Барлық спортшылар Бүкіләлемдік допингке қарсы агенттіктің (бұдан әрі – БДҚА) нормаларына сәйкес республикалық жарыстарда допинг-бақылауға тартылуы мүмкін.

Барлық спортшылар БДҚА-нің допингке қарсы кодексінің ережелерін сақтауы тиіс. БДҚА-нің допингке қарсы кодексін бұзған спортшыларға санкциялар қолданылады.

Допингтік бақылаудың барлық хаттамалары «Қазақстандық велосипед спорты федерациясы» РҚБ-ге жолданады.

4. Спорттық жарысқа қатысу үшін өтінімдері берудің тәртібі мен мерзімі, қаржыландыру шарттары

4.1. Спорттық жарысқа қатысуға өтінімдерді берудің тәртібі мен мерзімі

Жарысқа қатысуға нысан бойынша толтырылған (**№3 қосымша**) алдын ала өтінімдер жарыстың басталуына 10 күн қалғанда, «Қазақстандық велосипед спорты федерациясы» РҚБ-ге info@cycling.kz электронды поштаға жіберілуі тиіс. Жарысқа қатысуға нысан бойынша толтырылған (**№4 қосымша**) түпкілікті өтінім, команданың әр спортшысына лицензиялар жарыс өтетін орны бойынша мандат комиссиясына тапсырылады. Өтінімді «Қазақстандық велосипед спорты федерациясы» РҚБ-нің лицензиясы болса ғана, команда өкілі жеке өткізеді. Өтінімге енгізілген барлық спортшылар жарыс жолына шығуға міндетті.

10 күн бұрын алдын ала өтінімдерді ұсынбаған командалар, жарысқа қатысуға жіберілмейді.

Команданың өтінімінде көрсетілген және жарыс жолына (сөреге) шықпаған жарысушыларға UCI-дің регламентіне сәйкес ақшалай айыппұл салынады. Айыппұл Бас төрешілер алқасына есеп беру үшін енгізіледі.

Жарысты өткізу кезінде айыппұл үшін төрешілер алқасына келіп түскен ақшалай қаражат, жарыстың хаттамасының коммюникесінде көрсетіледі, бұл қаражат төрешілер алқасының ұйғарымы бойынша жарыс барысында туындайтын жарыстың ұйымдастырушылық сұрақтарына пайдаланатын болады.

Барлық жарыс кезіндегі айрықша оқиғаларға қатысты барлық келенсіздіктерді төрешілер алқасы тез арада қарастыруы тиіс. Төрешілер алқасы жарысушылардың

жарыс ережесін бұзғаны туралы мәліметтерді тек төрешілер алқасының мүшелерінен ғана қабылдайды.

Егер әңгіме мәредегі төреші анықтаған нәтижені өзгерту туралы болса, даулы сұрақтар қарастырылмайды. Өз жарысқа қатысушының айыппұлын төлемеген команда сол жарыстан шеттетілетін болады. **Тек қана жарыс дәрігері жарысқа қатысушыны жарыстан алып тастайды.**

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен велосипед спортынан Тасжолдағы велосипед спортынан 2024 жылға арналған бұқаралық-спорттық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесіне енгізілген барлық жарыстарда, іссапарға жіберуші ұйымның есебінен қатысушы командаларда **1 (бір) төреші** болуы тиіс.

Барлық ұлттық ҚРЧ-да (МТВ, велокросс) төрешісіз, спорттық іс-шараға қатысуға мандат комиссиясына ұсынылған командалық өтінімдер, қарастырылмайды. Бұл шарт бұзылса, команда жарысқа жіберілмейді.

Төрешілер жарыс басталардан бұрын, төрешілердің дайындық семинарын немесе нұсқама өткізеді.

Жарыс кезінде спорттық режим мен спорттық әдеп нормаларын (алкоголь ішу, төрешілермен келіспеу, төрешінің белгілерін орындамау, жарыс ережесін бұзу және өзге де құқық бұзушылықтар) бұзғаны үшін «Қазақстандық велосипед спорты федерациясы» РҚБ-нің Тәртіптік комитеті мынадай санкциялар қолданады:

- қызмет көрсетуші персоналды (жаттықтырушылар, өкілдер, механиктер мен басқа тұлғаларды) тұрғылықты жері бойынша спорт ұйымының басшысына хабарлай отырып, команданы өкілеттігінен шығару;
- спортшыларды тұрғылықты жері бойынша спорт ұйымының басшысына хабарлай отырып, жарысқа қатыстырмау;
- бұзушылық қайталанса, «Қазақстандық велосипед спорты федерациясы» РҚБ Атқару комитетінің шешімімен 3-тен 6 айға дейін шеттетіледі.

4.2. Қаржыландыру шарттары

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті («Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК) Қазақстан Республикасының чемпионаттарын, Қазақстан Республикасының кубоктарын ұйымдастыру, бақылау және өткізумен байланысты мынадай шығыстарды көтереді: жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау (кубоктар, медальдар, дипломдар); 3 бірлікке дейін төрешілер үшін автотранспортты (жеңіл) жалға алу, баннерлер, төрешілердің еңбекақысын (жарысты өткізудің бекітілген мерзімдеріне, мандат комиссиясы мен төрешілер алқасының жұмысына сәйкес), сондай-ақ ҚР мемлекеттік жаттықтырушының, бас және штаттағы жаттықтырушылардың, команда басшысының іссапар шығыстарын.

«Қазақстандық велосипед спорты федерациясы» РҚБ Қазақстан Республикасының чемпионаттарын, Қазақстан Республикасының кубоктарын, республикалық және халықаралық жарыстарды өткізумен байланысты мынадай шығыстарды көтереді: фотофиништі дайындау мен безендіру, жарысушы спортшыларға нөмірлерді, қатысушы командалардың мәшинелеріне (техничкаларға)

стикерлер мен нөмірлерді әзірлеу, көпкүндік жарыстарда жарысушылардың жеке-генаральдық біліктілік, белсенді, таулы және өзге номинациялар үшін веломайкілерді дайындау, көпкүндік жарыстарды өткізудің кезеңдерінің саны мен белгіленген регламентке сәйкес рацияларды, арнайы жабдықтарды тасымалдау үшін автотранспортты жалға алу, фотофинишке қызмет көрсету үшін төрешілер алқасы мен маманды іссапарға жіберу (екі жаққа жолақысы, тәулікақы, орналастыру) шығыстарын.

«Жергілікті атқарушы органдар мен жарысты өткізу орны бойынша спорттық ұйымдар» шақыру билеттерін, аңдатпаларды, вымпельдерді дайындау, автожолдарды жөндеу, трассаларға белгі қою, арнайы құрал-жабдықтарды орнату, арнайы құрал-жабдықтар мен қоршауларды тасымалдауға арналған транспортты жалға алу, жарыс өтетін орынды дайындау мен безендіру, суды жеткізу және допингтік бақылау өткізуге арналған үй-жайды (санитарлық торабы бар жеке бөлмежай) жалға алу, қызмет көрсетуші персоналға ақы төлеу, жеңімпаздарды бағалы жүлделермен марапаттау, радиомашинаны жалға алу, жол полициясы экипаждарының ілесіп жүруін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ аумақ пен жарыс трассаларын қоршауға арналған турникеттерді ұсыну, жол қозғалысының шектеу және ескерту белгілерін орнату, автокөлік тұрағы, ұйымдастырушылардың сызбасына сәйкес жарыстар өтетін уақытта ЖПҚ ілесіп жүруі, жарыстар өтетін орындарда мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, тиісінше дәрігер, медициналық мейірбике және жүргізуші бар бригаданың 2 (екі) жедел жәрдем машинасымен медициналық қызметті қамтамасыз ету, жарысты өткізуге жол төсемінің дайындығын қамтамасыз ету, ұйымдастырушылардың және автожолдарды жөндеу мекемесінің сызбасына сәйкес жарыстар өтетін аумақты дайындау, абаттандыру, тазалау және жинау жұмыстарын жүргізу, старт және финиш орындарында биоәжетханаларды ұсыну, жарыстар өтетін, старт және финиш орындарында өрт қауіпсіздігінің, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі ережелерінің, сақталуы мен бақылануын қамтамасыз ету бойынша шығыстарды төлейді.

Іссапарға жіберуші ұйымдар (облыстардың, республикалық маңызы бар Алматы, Астана, Шымкент қалаларының дене шынықтыру және спорт басқармалары және басқа спорттық ұйымдар) командаларды **іссапарға жіберумен байланысты шығыстарды** (жолақысы, тәулікақы, орналасу, тамақтану, автотранспортты жалға алу, велосипедтерді сақтау үшін үй-жайларды ұсыну жөніндегі қызметтер және т.б.) төлейді.

5. Спорттық жарыстың чемпиондары мен жүлдегерлерді марапаттау тәртібі

Барлық Қазақстан Республикасы ұлттық чемпионаттарында, Қазақстан Республикасы чемпионаттарында 1,2,3 орынды иеленген командалар мен спортшылар Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің I,II,III дәрежелі тиісті дипломдарымен марапатталады. ҚР Ұлттық чемпионаттарының, Қазақстан Республикасы чемпионаттарының (ерлер, әйелдер; Андерлер 19 - 22 жас, 17-18 жастағы жеткіншек ұлдар мен қыздар (юниорлар), бағдарламаның барлық түрлері бойынша жасөспірімдер мен қыздар арасындағы ҚРЧ жеңімпаздары мен жүлдегерлері 1,2,3 орын үшін медальдармен марапатталады. Ал ҚР

кубогінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері (ерлер, әйелдер; Андерлер 19 - 22 жас, 17-18 жастағы жеткіншек ұлдар мен қыздар (юниорлар) 1,2,3 орын үшін Кубоктармен және дипломдармен марапатталады.

Қазақстан Республикасының резиденттері емес спорт командалары атынан Қазақстан Республикасының ашық чемпионаттарына қатысқан жеңімпаздар мен жүлдегерлер, Қазақстан Республикасы чемпионатының дипломдарымен және медальдарымен марапатталады.

Дәлелді себепсіз марапаттау рәсіміне шықпаған жарысушы спортшылар, спорттық іс-шараның дипломдарымен, медальдарымен және кубоктарымен марапатталу құқығынан айрылады.

5.1. Нәтижелерді бағалау жүйесі

Ұпайларды ағымдағы есептеу маусым аяқталғанға дейін жарыстан жарысқа дейін, 4 жас топтары (ерлер, юниорлар, жасөспірімдер 15-16 жас, жасөспірімдер 13-14 жас; әйелдер, юниоркалар, қыздар 15-16 жас, жасөспірім қыздар 13-14 жас) бойынша бөлек жүзеге асырылады.

Облыстың рейтингі тиісті облыстың барлық жарысушыларының 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап, 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін жинаған ұпайларының сомасымен анықталады.

Фиништегі төрешінің тіркегені мәреге жарысушылардың келу тәртібінде әртүрлі біліктілікте келе жатқан жеңімпаздарды, жүлдегерлерді анықтауға негіздеме болады.

5.2. Жекелей, командалық есеп пен рейтингті анықтаудың шарттары

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен велосипед спорты түрлерінен 2024 жылға арналған бұқаралық - спорттық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесі негізінде өткізілетін Қазақстан Республикасының барлық чемпионаттарында, Қазақстан Республикасының кубоктарында жарысушылар ұпайларды есептеу кестесіне (**№1 қосымша**) сәйкес ұпайлар алады.

UCI-дің рейтингіндегі жарысушылардың, ҚР ұлттық чемпионатын қоса алғанда, жинаған ұпайлары барлық санаттағылар үшін UCI ұпайларының бағанына сәйкес республикалық рейтингке есептеледі.

Ағымдағы ұпайларды есептеу жарыстан жарысқа дейін, маусым аяқталғанға дейін, жас топтары бойынша бөлек жүзеге асырылады:

- ерлер, әйелдер (соның ішінде Андерлер 19 - 22 жас);
- жеткіншек (юниорлар) ұлдар мен қыздар 17-18 жас;
- жасөспірім ұлдар мен қыздар 15-16 жас;
- жасөспірім ұлдар мен қыздар 13-14 жас.

Мықты жарысушылардың рейтингі 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап, 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін, жарыстың барлық түрлерінен жинаған ұпайларының сомасымен анықталады (**№2-қосымша**).

Облыстардың, республикалық маңызы бар Алматы, Астана, Шымкент қалаларының есептеу рейтингі берген өтінімге сәйкес спорттық ұйымдардың атынан қатысатын спортшылардың жинаған ұпайларының сомасы бойынша анықталады.

6. Наразылық көрсету тәртібі және оны қарау тәртібі

UCI-дің халықаралық қағидасына (1.2.132-тармақ) сәйкес наразылықтар қарауға қабылданбайды. Жарыс барысындағы даулы сұрақтар бойынша төрешілер алқасының шешімі, халықаралық қағиданың тиісті параграфына сілтеме жасай отырып, жарысушылар мен олардың өкілдеріне түсіндіріледі.

Жарыс кезінде болатын барлық ерекше оқиғаларға қатысты дау-дамайларды төрешілер алқасы дереу қарастыруы керек.

Төрешілер алқасы жарысушының жарыс қағидасын бұзғаны туралы мәліметтерді, тек төрешілер алқасының мүшелерінен ғана қабылдайды.

Егер әңгіме мәредегі төреші анықтаған, нәтижені өзгерту туралы болса, даулы сұрақтар қарастырылмайды.

Облыстық және өзге ұйымдар өткізетін, 2024 жылғы маунтинбайк және велокростан Қазақстан Республикасының чемпионаттары мен республикалық жарыстар туралы ережеге №1 толықтыру

р/с №	Іс-шараның атауы	Мерзімі мен орны	Қатысушы ұйымдар	Төрешілер саны	Өткізуші ұйым
1	Жеткіншек ұлдар мен қыздар (юниорлар), жасөспірім ұлдар мен қыздар (15-16 жас және 13-14жас) арасында В.Бобылевті еске алуға арналған РС ХСЕ «Чемпиондар Мемориалы» республикалық жарысы.	05.06-06.06.2024ж. Қостанай қ.	ҚР өңірлерінің командалары	32	ӨДШСБ ӨВСФ
2	Ерлер мен әйелдер, 19-22 жас юниор ұлдар мен юниор қыздар, 17-18 жас жасөспірім ұлдар мен қыздар; 15-16 жас және одан кіші жас) арасындағы жаттықтырушы В.В. Копенкинді еске алуға арналған «Олимпийские надежды» (Олимпияда үміті) МТБ (ХСТ, ХСО, ХСС) бойынша Республикасының жарыс.	05-08.09.2024 ж. ШҚО, Глубоковск ий а, Бабровка а.	ҚР өңірлерінің командалары	32	ӨДШСБ ӨВСФ

Ескертпе:

республикалық жарыстар туралы ереже, регламент және бағдарламаларды өткізуші ұйым ұсынады.

Республикалық жарыстардың ұйымдастырушылары күнтізбелік 10 күн ішінде өткізілген жарыс хаттамаларының түпнұсқасын Қазақстандық велосипед спорты федерациясына тапсыруы тиіс (мекенжайы: Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 45 «А», офис №024).

Ағымдағы жылдың I қазанына дейін келесі күнтізбелік жылға жоспарланатын республикалық жарыстардың ережесін, мерзімі мен бағдарламасын қоса ұсынуы қажет.

2024 жылғы маунтинбайк және велокросстан негізгі бұқаралық-спорттық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына №2 толықтыру

р/с №	Іс-шараның атауы	Мерзімі мен орны	Төрешілер саны	Төрешілер саны	Өткізуші ұйым
1	Ерлер, әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының қысқы чемпионаты ХСЕ (кросс-элиминатор), ХСО (кросс-олимпик), ХСС (кросс-шорт-трек).	31.03-03.04.2024ж. Тараз қ.	ҚР өңірлерінің командалары	32	СДШК СДД ҚВСФ ӨДШСБ ӨВСФ
2	Ерлер мен әйелдер, 19-22 жас юниор ұлдар мен юниор қыздар, 17-18 жас жасөспірім ұлдар мен қыздар; 15-16 жас және одан кіші жас) арасындағы Жеңіс күніне арналған Глубоковский ауданы әкімінің жұлдесі үшін МТБ (ХСТ, ХСР, ХСС, ХСЕ) бойынша Қазақстан Республикасының Кубогі.	09-12.05.2024 ж. ШҚО, Глубоковский а, Бабровка а.	ҚР өңірлерінің командалары	32	СДШК СДД ҚВСФ ӨДШСБ ӨВСФ
3	Ерлер, әйелдер, юниорлар мен юниор қыздар арасындағы ХСМ марафонында Қазақстан Республикасының ұлттық чемпионаты. 13-14, 15-16 жас аралығындағы жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы ХСО, ХСС Қазақстан Республикасының чемпионаты. 13-14, 15-16 жас аралығындағы жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы В.Бобылевті еске алуға арналған «Мемориал	30.05-05.06.2024ж. Қостанай қ.	ҚР өңірлерінің командалары	32	СДШК СДД ҚВСФ ӨДШСБ ӨВСФ

	Чемпионов» ХСЕ республикалық жарысы				
4	Ерлер, әйелдер, юниорлар мен юниор қыздар арасындағы ХСО, ХСС Қазақстан Республикасының ұлттық чемпионаты. Ерлер, әйелдер, юниорлар мен юниор қыздар арасындағы ХСР (эстафета) Қазақстан Республикасының чемпионаты	16-21.07.2024ж. Текелі	ҚР өңірлерінің командалары	32	СДШК СДД ҚВСФ ӨДШСБ ӨВСФ
5	Ерлер, әйелдер, юниорлар, юниор қыздар, 13-14, 15-16 жас аралығындағы жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы ХСS көпкүндік жарыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты	01-06.10.2024ж. Қонаев қ.	ҚР өңірлерінің командалары	32	СДШК СДД ҚВСФ ӨДШСБ ӨВСФ
6	Ерлер, әйелдер, юниорлар, юниор қыздар, 13-14, 15-16 жас аралығындағы жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы велокросс жарысынан Қазақстан Республикасының чемпионаты	25-26.10.2024ж. Астана қ.	ҚР өңірлерінің командалары	32	СДШК СДД ҚВСФ ӨДШСБ ӨВСФ

№ 1 қосымша Ұпайларды есептеу кестесі

Баған орын	1	2	3	4	5	6
1	60	40	30	90	20	100
2	40	30	25	60	16	80
3	30	25	20	50	14	70
4	26	20	16	36	12	60
5	24	16	14	32	10	50
6	22	14	12	28	8	40
7	20	12	10	24	6	35
8	18	10	8	22	4	30
9	16	8	6	20	2	25
10	14	6	4	18	1	20

№ 2 қосымша Ұпайларды рейтингтік есептеу

№1 баған	- ҚРЧ кросс-кантри Олимпик және Марафон және көпкүндік жарыс (юниорлар мен қыздар) - ҚРЧ кросс-кантри Олимпик және көпкүндік жарыс (жасөспірімдер мен қыздар)
№2 баған	- ҚРЧ кросс-кантри Элиминатор, Шорт-трек, уақытқа жарысу (Элита, андерлер – ерлер және әйелдер)
№3 баған	- ҚРЧ кросс-кантри Элиминатор және Шорт-трек, уақытқа жарысу (юниорлар мен қыздар) - ҚРЧ кросс-кантри Элиминатор және Шорт-трек, уақытқа жарысу (жасөспірімдер мен қыздар)
№4 баған	- ҚРЧ кросс-кантри Олимпик, Марафон және көпкүндік жарыс (Элита, андерлер – ерлер және әйелдер)
№5 баған	- маунтинбайктен (барлық) республикалық жарыстар
№6 баған	- ҚРЧ Кросс-кантри Эстафета (ұпайлар командаларға есептеледі)

Жарыс басталардан 10 күн бұрын, одан кешіктірмей [жолдаңыздар: info@cycling.kz](mailto:info@cycling.kz)

Алдын ала өтінім

Жарысқа қатысуға _____

" _____ " 2024 жыл _____

командадан

р/с №	Лицензия №	Аты-жөні	Туған күні (күні, айы, жылы)	Спорттық атағы	Спорттық ұйым	Фамилия, Имя, Отчество тренеров
1						
2						
3						
4						
5						
6						
7						

Команда өкілі _____

Жаттықтырушы _____

Механик _____

Төреші _____

ӨТІНІМ

" " " 2024 ЖЫЛ

Командадан _____

Қатысуға _____

№	лицензия №	Аты-жөні	Туған күні (күні, айы, жылы)	Спорттық атағы	Спорттық ұйым	Жаттық тырушының аты-жөні	Допуск врача
1							
2							
3							
4							
5							
6							
7							

Ұйым басшысы _____

Команда өкілі _____

Жаттықтырушы _____

Механик _____

Төреші _____

М.О. _____